

1996 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақыны өсіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 наурыздағы N 357

"Қазақстан Республикасы халық тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 2692 U952692_ Жарлығы мен "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап осы күнге дейін қалыптасқан еңбек, асыраушысынан айрылуына байланысты, мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің мүгедектігі бойынша, әлеуметтік зейнетақылар мөлшерін - 20 процентке өсіру жүзеге асырылсын. Мұнда өсірудің ең төменгі сомасы еңбек зейнетақыларын (асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақылардан басқа), мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің мүгедектігі бойынша зейнетақыларға айына 400 теңгеден, асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақыларға (асырауындағылардың әрқайсысына), әлеуметтік зейнетақыларға - 300 теңгеден төмен болмауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері зейнетақылардың жаңа өсірілген мөлшерін 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры қаражатының есебінен қайта есептеу мен төлеуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі